

қойнауын аралап, ата тарихымызды саралап, ұлыларымызды даралап, баһадүр бабамыздың жырларын зерттеп кейінгі келер ұрпаққа дәріптеу перзенттік парыз деп білемін.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Дауылпаз баба Қожаберген жырау. *Тарихи-танымдық жинақ*/Құраст. А. Тасболатов, Ж. Сүлейменов. – Астана.: Фолиант, 2014. – 376 б.
2. <https://martebe.kz/el-tarihyn-mytytyrma-an-n/> Ел тарихын ұмыттырмаған ән
3. *Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық.* / Құрастыр. М. Мағауин, М. Байділдаев. — Алматы: Жазушы, 1989. – Т. 1. – 384 бет.

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ОРТАҚ ЖЕЛІЛЕР

Джумабаева Алтынай Ерсұлтанбековна

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті студанті,

Нұр-Сұлтан қ.

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к профессор Кеменгер Қайырбек Ризабекұлы

Татар ауыз әдебиеті бай әрі құндылығы мол. Татар тілінде ертегі әкият деп аталады. Сібір татарлары йомак деп атайды.

Хайуанаттар туралы ертегілер татар әдебиетінде сирек кездеседі, зерттеулер бойынша барлық ертегілердің 8 пайызын құрайды. Қазақ және татар ауыз әдебиетіндегі хайуанаттар хақындағы ертегілердің ұқсас тұсы – арыстанның образы. Татар әдебиетінде арыстан күшті жануар ретінде суреттеледі де, жауыз билеушінің образын жасайды. Қасқыр қорқақ, арамза бейнесінде келтіріліп, ертегі соңында трагедиялық тағдырмен аяқтап отырады. Басты ерекшелік – аю образы. Қазақ ертегілерінде аю образы өте сирек кездеседі. Бірінші себебі – қазақ жерінде бұл алып жануардың мекен етпеуі. Татар халқы славян халықтарымен тығыз байланыста өмір сүргендіктен аю образы әдебиеттің бойына сіңіп үлгерген. Аю да қасқыр секілді қорқау әрі ақымақ болып суреттеледі.

Татар халқы дүниеге әкелген ертегілердің бір бөлігі славян халықтарына тарап, жаңа ертегілердің тууына негіз болған. Мысалы, Поляков П.А. пікіріне сүйенсек, «Салам-Торхан» ертегісі орыс әдебиетіндегі «Козьма Скоробогатый», «Бухтан Бухтанович» ертегілерінің пайда болуына негіз болған [1, 81 б.].

Қазақ және татар әдебиетінде ұқсас ертегілер көп. Соның бірі «Қырық өтірік» ертегісі.

«Қырық өтірік» ертегісі түркі халықтары еншілеспей тұрып-ақ пайда болғанға саяды. Дәлелі – осы ертегінің көптеген түркі халықтарына ортақтығы. Образдық тұрғыдан қарасақ, бір топ халықтардың ертегісінде ортақ кейіпкер көрініс беріп отырады. Ол -Тазша бала, немесе Таз есімді жігіт. Қазақ, ноғай, татар ертегілерінде басты кейіпкер осылай аталады. Үш ертегіде де Тазша бала кедей әрі қу болып суреттеледі. Ал түрікмен және түрік ертегілеріндегі айырмашылық айтарлықтай – қырық өтірікті айтып беретін бала – хан баласы я бай баласы. Ертегі сюжеті де біршама ерекшеліктермен толысқан. Ал ұйғыр және өзбек ертегілерінде де басты кейіпкер кедей жігіт болады, алайда ертегіде оның аты айтылмай қалады. Бұл ертегілерде де сюжеттік және идеялық тұрғыда айырмашылықтар орын алады. «Қырық өтірік» ертегісі әрбір халықта әртүрлі өзгеріске ие болғанына қарамастан бастапқы түбірінен айырылмаған. Ертегінің бастапқы нұсқасының сюжеті қандай болғандығы, қай тұста өзгешеліктерге ұшырағанын дөп басып айту мүмкін емес. Ертегінің өзгеріске түсіп таралып, халық танымына сіңіп үлгеруі оның көнелігін көрсетеді. Кез-келген фольклорлық шығарманың бастапқы нұсқасы қандай

болғандығы белгісіз. Бұл жөнінде С.Қасқабасов былай дейді: «Фольклордың ең алғашқы нұсқалары қандай болғанын нақтылап анықтау да, сипаттау да қиын»[2, 13 б.].

Қазақ, татар, ноғай халықтары генетикалық тұрғыдан өзге түркі халықтарына қарағанда өте жақын, әрі бір тілдік отбасыға кіреді. Сонымен қатар беріге дейін көршілес тұрып, аралас-құралас өмір сүріп келді. Дәл осы факторлар – үш халықтың ертегісіндегі көрініс беретін ұқсастықтардың бірден-бір белгісі. Сол секілді ұйғыр және өзбек халықтары да генетикалық тұрғыдан да, тілдерінің ұқсастығы жағынан да бір-біріне өте жақын. Тұрмыс салты да, өмір сүру дағдысы да бірдей.

«Қырық өтірік» – сөзсіз түркі халықтарының ортақ мұрасы. Дегенмен де, Кеңес дәуірі тұсында бауырлас халықтардың әдебиеті тілге көп тиек етілмеді. Бауырлас халықтардың бір арнадан тараған әдебиет қоржыны да елеусіз қалып отырды. Ауыз әдебиеті үлгілері жинақталып, көбіне типологиялық тұрғыдан зерттелді. Нәтежисінде ертегілердің генетикалық негізі ашыла алмады. Бұл жөнінде ғалым Е.Тұрсынов: «Проблема генетических истоков бытовой сказки до сего времени объясняется в казахской фольклористике в русле традиции без должного учета данных этнографии, истории, археологии и истории религии. Именно поэтому укоренилось убеждение, что бытовая сказка появилась гораздо позднее волшебной и обязана последней своим рождением как разновидности сказочного жанра»[3, 11 б. ] - деп жазды.

Татар ауыз әдебиетіндегі ертегі «Таздың падишахқа өтірік айтқаны» деп аталады[4, 132-134 бб.].

Татар ертегісіндегі жауыз күш – хан. Хан әр жыл сайын бір дорба алтынды есік алдына тастап, кімде-кімде мүдірместен өтірік айтып берсе, осыны дорбаны ала кетсін деп бұйрық етеді. Алайда ханның көңілінен шыға алмағандары дүреден артық ештеңеге қарық бола алмайды. Осылайша күндер өте береді. Өз пейілін қандыра алмаған хан бірде базарға халықты жинап, жар салады. Дегенмен де, ханның талабын орындауға ешкімнің де батылы бармайды. Жүрегі дауаламаған халық хан тілегін орындай алмай үйлеріне қайтады. Үшінші күн дегенде жиналған халықтың ортасында жүрген Таз жігіт хан алдына келіп өтірігін айтып береді. Басында илана қоймаған хан, Таз бала ханның әкесін тілге тиек еткенде ғана сабасына түсіп, Таз жігіттен жеңіледі. Дегеніне жеткен Таз жігіт доба алтынды алып, кете береді. Біріншіден, Таз бала – халық аңсаған кейіпкер. Жұртына әлімжеттік жасап отырған ханды ауыздықтай алатын образдың көрінісі. Екіншіден - отбасылық құндылық. Таз жігітке алтынды бергісі келмеген хан оның айтқан өтірігінің барлығын жоққа шығарып отырады. Тек соңында, Таз жігіт ханның әкесінің аянышты халі туралы айтқанда «өтірік» деп баж ете қалады. Дәл осы тұста татар халқының басты құндылықтарының бірі көрініс береді. Ол – отбасы. Хан қаншалықты жауыз болса да, қаншалықты Таз жігітке жеңісті бергісі келмесе де, өз әкесі туралы естігенде өзін қоярға жер таппайды. Осыған дейін міз бақпай отырған хан, бір мезетте-ақ барлығынан бас тартады. Ол өз абыройын, өз дегенінен баз кешіп, әкесін таңдайды. Ол кезде хан әкесі бақилық болған болатын, әрине Тазша баланың айтқаны өтірік екені рас. Дегенмен де, әкесінің мүсәпір халі туралы естігенде(көрмесе де) хан осыған дейін жиулы ұстаған ерігінен айырылып, Таз жігіттің құрығына ілінеді.

Бір қарағанда онша елеулі мәселе емес, алайда отбасы құндылығы алғашқы орында тұратын татар халқы үшін бұл маңызды. Отбасы құндылығы – барлық халықта алғашқы орында тұрады. Ертегідегі көрініс беретін тағы бір мәселе – ақылды жігіттің образы барлық халықтың діттеген мақсаты. Халықтың аңсары дүниеге әкелген туындысының негізгі тірек күші болуы заңды құбылыс.

Қос ертегінің тамыры бір, әрі ол тамыр терең. Татар мен қазақ халқының бауырластық тамыры секілді.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Насыров А. К., Поляков П. А. Сказки казанских татар и сопоставление их со сказками других народов // Известия Общества археологии, истории и этнографии. – Т. XVI. Казань, 1900. – 112 б.
2. Қасқабасов С. Ойөріс (Фольклор туралы). Астана: «Астана полиграфия», 2009. — 320 б.
3. Турсунов Е.Д. Генезис казахской бытовой сказки. Алма-Ата: Наука, 1973. — 216 б.
4. Ярмухаметов Х.Х. Татарские народные сказки. Антология. Тобольск, 1957. – 318 б.

ӘОЖ 1751

## **КЕНЕСАРЫ ХАН БЕЙНЕСІ – ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ АҚЫНДАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДА**

**Дініслам Мақпал**

[makpal\\_96\\_21@mail.ru](mailto:makpal_96_21@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің ІІ-курс магистранты, Нұр-Сұлтан,  
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент Кемеңгер Қ.Р.

Кенесары Қасымұлы – 1802-1847 жылдар аралығында өмір сүріп, ғұмырының соңына дейін өз халқының азаттығын аңсап өткен тұлға. Хан Абылайдың немересі Кенесары Қасымұлы жауынгерлік өмірге жастайынан машықтанып, әкесі Қасым, ағалары Саржан, Есенгелділермен қатар жүріп хан баласының халық алдындағы парызын ерте сезінеді. Қазақ әдебиетінде Кенесары Қасымұлының тұлғасын өзек еткен шығармалар жетерлік. Ханның заманында өмір сүріп, қасында жолдас болған ақын-жыршылардан бастап тәуелсіз елде қалам тербеп отырған ақын-жазушылардың шығармашылығынан хан Кене туралы жазылған туындыларды көптеп кездестіруге болады. Сондай-ақ, ХІХ ғасырда өмір сүрген француз жазушысы Жюль Верннің «Патша шабарманы» романында, ағылшын саяхатшысы Томас Аткинсонның жазбаларында, шетел ғалымдарының еңбектерінде Кенесары хан туралы құнды да шынайы пікірлер кездеседі. Бұдан қазақтың соңғы ханы Кенесарының өз заманында атағы мен атқарған істері алыс-жақын шет елдерге кең тарағанын білуге болады. Тарихи тұлға мәселесін қарастыратын болсақ, қазақ әдебиетінде бұл полемикалық тақырып болып келді. Қазақ тарихында болған тарихи тұлғалар туралы шығармаларда олардың образына қатысты полемикалық тұстар өте көп. Әсіресе, кеңес кезеңінде хандардың, батырлардың образы сан бұрмаланды. Кенесары ханның бейнесі де солақай саясаттың кесірінен өз халқына түрлі образда көрінді. Бұл жөнінде әдебиет зерттеушісі, ғалым, сыншы Р. Бердібай «Елдің туын көтерген ер Кенекең» атты мақаласында кеңес үкіметі кезінде мансап іздеген көп адам Кенесары Қасымұлы сынды қаһарманның есіміне күйе жағуға тырысқаны, кеңес үкіметінің көздеген мақсаты орыстан өзге халықтың тарихын ұмыттыру болғаны жайында ашық айтады [1, 125 б.]. Ғалым Кенесары Қасымұлының көтерілісінің себебін өзге шығармаларда айтылғандай, патша үкіметінің қазақ жеріне бей-берекет басып кіруі, ойына келгенін істеуі деп түсіндіреді. Кенесарыны қолдап қазақ елінің әр өңірде көтерілістердің бұрқ етуі – Кене ханды халықтың демегенін дәлелдейді. Мақала соңында автор қазақтың соңғы ханы туралы жазылған шығармалардың ең құндысы деп М.Әуезовтің «Хан Кене» пьесасы мен І. Есенберлиннің «Қаһар» романын атайды.

Тарихтағы болған оқиғаларды, тұлғаларды әдеби бейне ретінде сомдауда түрлі тәсілдер қолданылады. Бұл – жазушы еңбегінің аса күрделі болмысы ретінде саналып, ұлттық танымда жоғары бағаға ие болатынына дау жоқ. Ұлт тарихы мен халық дамуының кезеңдік оқиғалары, өмір шындығы мен көркемдік шешім, ой мен сөз, жазушының тілі, стилі айқын болуы,